

ТЕКСЕРІЛДІ:
әдіскер Д.Б.Мұхаметьярова

*Утверждено
методист
Д.Б.М.*

21.02.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» б/балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 24.02 – 28.02. 2025 жыл (4-апта) Апта дәйексөзі «Жаңашылдық - заман талабы»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 24.02	Сейсенбі 25.02	Сәрсенбі 26.02	Бейсенбі 27.02	Жұма 28.02
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Мамандықтар» «Мақал-мәтелдер арқылы балалардың тілін дамыту» ата-аналарға арналған кеңес Туған жер туралы баланың жаттаған мақал-мәтелдері (ата-аналардан бейнежазба)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Балалық шақ» күйі https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-uly-zhibek-zholy-detstvo/16478 «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	Дәрігер, дәрі, менің басым аурады	Дәрігер, дәрі, менің басым аурады	Дәрігер, дәрі, менің басым аурады		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	Мектепалды тобы Тақырыбы: «Дәрігерде» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету;		Мектепалды тобы Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ө, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;		

	<p>сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; такпақ жаттау; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Балалар, сендердің таңдарың не істеуден басталады? Жуынамын. Тамақтанамын. Ерте тұруды ұнатпаймын. Балалар, таңды денешынықтыру қимылдарын жасаудан бастау керек. Жаттығуды не үшін жасаймыз? Денсаулығымыз күшті болу үшін.</p> <p>Суретпен жұмыс Ақ халат пен қалпақ киіп, мойнына фонендоскоп іліп алған дәрігердің суреті көрсетіледі. – Балалар, бұл кім? Бұл – дәрігер.</p> <p>Сұрақ-жауап – Катя, дәрігерді қалай таныдың?</p>		<p>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, өткенді қайталау, бекіту</p> <p>Балалармен амандасу. Көңіл-күй сұрау. «Кел, қайталайық!» атты тақырыпты таныстыру. Мұғалім балаларға сұрақ қояды, балалар жауап береді: Сен қайда барасың? Мен балабақшаға барамын. Сен балабақшаға кіммен барасың? Мен балабақшаға атаммен барамын. Сен балабақшаға немен барасың? Мен балабақшаға автобуспен барамын.</p> <p>Ойын «Көліктерді ата»</p> <p>Дыбыстық талдау жаттығулары «Қ» дыбысынан басталатын сөздерді атаңдар. – Қайық, қасқыр, қала, қарлығаш, қауын, қасық. Көк, төрт деген сөздерде «ө» дыбысы бар ма? – Иә, бар. Тоғыз, ғарыш, ағаш сөздерінде «ғ» дыбысы сөздің қай жерінде тұр? «Тоғыз» сөзінде – басында емес, ортасында. «Ғарыш» сөзінде – басында. «Ағаш» сөзінде – басында емес, ортасында.</p> <p>Қосымша тапсырмалар Суретке қарап әңгімелеу: Балаларға суреттер беріледі, олар суретке қарап, шағын әңгіме құрайды. Жұмбақ шешу: Мұғалім бірнеше жұмбақ</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p>– Дәрігер басына ақ қалпақ киеді. – Үстіне ақ халат киеді. – Дәрігердің емдеуге қажет құралы болады. – Жарайсыңдар, балалар. – Дәрігер қай жерде жұмыс істейді? Иә. Ауруханада жұмыс істейді. «Не үшін керек?» ойын-жаттығуы Мақсаты. Ауруханада дәрігер қолданатын құралдар мен заттар топтамасын, құралдардың атауларын пысықтау, дәрігердің жұмыс ерекшеліктерін анықтау. Шарты. Дәрігер құралдарын айту, ажырату, дәрігердің әрекеттерін тану шарт. Затты зерттеу. – Балалар, ал мынау не? Иә. Фонендоскоп, шприц, дәрумендер. Бұның бәрі кімнің құралдары? Дәрігердің құралдары. Қайталаймыз. Жақсы. – Томирис, осы құралдар не үшін керек?</p>		<p>айтып, балалардан жауабын табуын сұрайды. Сөз тіркестерін құру: Берілген сөздерден дұрыс сөз тіркесін құрастыру. Кім жылдам?: Берілген тақырыпқа сәйкес балалар тез-тез сөз айтуы керек. Керекті сөзді тап: Мұғалім сөйлемді бастап береді, балалар оны қажетті сөзбен аяқтайды.</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p>Тақпақ жатау Іш ауырса, тіс ауырса, Анам дәрі береді. Барлық ана, барлық бала, Оны жақсы көреді.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын «Дәрігерде»</p> <p>Қорытынды: Жаңа сөздердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p> <p>Ересек топ Тақырыбы: «Дәрігерде» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер кұра білуге үйрету.</p> <p>Балалар, сендердің таңдарың не істеуден басталады? Жуынамын. Тамақтанамын. Ерте тұруды ұнатпаймын. Балалар, таңды денешынықтыру қимылдарын жасаудан бастау керек. Жаттығуды не үшін</p>				
--	--	--	--	--	--

жасаймыз?
Денсаулығымыз күшті болу үшін.

Суретпен жұмыс
Ақ халат пен қалпақ киіп, мойнына фонендоскоп іліп алған дәрігердің суреті көрсетіледі.
– Балалар, бұл кім? Бұл – дәрігер.

Сұрақ-жауап
– Катя, дәрігерді қалай таныдың?
– Дәрігер басына ақ қалпақ киеді.
– Үстіне ақ халат киеді.
– Дәрігердің емдеуге қажет құралы болады.
– Жарайсындар, балалар.
– Дәрігер қай жерде жұмыс істейді? Иә. Ауруханада жұмыс істейді.

«Не үшін керек?» ойын-жаттығуы
Мақсаты. Ауруханада дәрігер қолданатын құралдар мен заттар топтамасын, құралдардың атауларын пысықтау, дәрігердің жұмыс ерекшеліктерін анықтау.

	<p>Шарты. Дәрігер құралдарын айту, ажырату, дәрігердің әрекеттерін тану шарт. Есік қағылады.</p> <p>Кіріңіз. Қайырлы күн, дәрігер! Қайырлы күн, балақай! Сенің атың кім? Менің атым – Лилиан! Лилиан, қалың қалай? Жақсы, бірақ тамағым ауырып тұр. Аузыңды аш. Аузыңды жап. Мына таблетка мен витаминдерді іш. Рақмет, дәрігер! Сау болыңыз! Сау бол, Лилиан!</p> <p>Қорытындылау: Мамандықтардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> Тақпақ жаттау Іш ауырса, тіс ауырса, Анам дәрі береді. Барлық ана, барлық бала, Оны жақсы көреді.</p>		<p><u>Ересек топ</u> Тақпақ жаттау Іш ауырса, тіс ауырса, Анам дәрі береді. Барлық ана, барлық бала, Оны жақсы көреді.</p>		

«Менің Қазақстаным»
ҚР Гимні орындау
«Біртұтас тәрбие»
Мектепалды топ
«Дәрігерде» сро
Сәлеметсіз бе, дәрігер!
Сәлеметсің бе,
балақай! Сенің атың
кім?
Менің атым – Сауран.
Сауран сен неше
жастасың?
Мен бес жастамын.
Сауран, саған не
болды?
Менің басым аурады.
Термометрмен қызу
өлшейік. Сенің дене
қызуың көтеріліпті.
Таблетка мен
витаминдер іш. Рақмет,
дәрігер. Сау
болыңыз!Сау бол,
Сауран!
жоспары бойынша

«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау
«Біртұтас тәрбие» **Мектепалды топ**
Дыбыстық жұмыс
«Қ», «ғ», «ө» дыбыстары кездесетін бірнеше
сөздер айту, дыбыстың сөздегі орнын анықтау
жоспары бойынша

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау
Сандарды сәйкестендір және ата

